

Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін 2006 жылға арналған қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 130 Қаулысы.

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін 2006 жылға арналған қаражатты пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 7

а қ п а н д а ғ ы

N

1 3 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін 2006 жылға арналған қаражатты пайдалану ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін 2006 жылға арналған қаражатты пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) бройлерлер етін отандық өндірушілерді қолдау мақсатында 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға ағымдағы нысаналы трансферттер" бағдарламасының 107 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және оның шегінде бройлерлік құс

фабрикаларына қаражат төлеудің (бұдан әрі - субсидиялар) жалпы шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Субсидиялар етті бағыттағы құсты азықтандыруда құрама азықтың құнын ішінара арзандатуға, бройлерлер етін өндіруді және сатуды ынталандыруға, бройлерлік құс шаруашылығының өнімділігін, өнімінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және ішкі нарықтағы құс етінің бағасын төмендетуге арналады. Бройлерлік құс фабрикаларына құрама азықтарды арзандатуға арнап субсидиялар төлеу олар өз өндіруіндегі сатылған құс етінің сойыс салмағындағы іс жүзіндегі көлемі арқылы жүргізіледі.

3. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген субсидиялар тиісті облыстың әкімі бекітетін мамандандырылған бройлерлік құс шаруашылығы кәсіпорындарының (бұдан әрі - бройлерлік құс фабрикалары) тізіміне енгізілген отандық бройлерлік құс фабрикаларына төленеді.

4. Етті бағыттағы құсты азықтандыруға пайдаланылатын құрама азықтардың 1 кг-ның құнын арзандату, құс етінің 1 кг-ын өндіруге жұмсалатын құрама азықтар шығысының, өз өндіруіндегі сатылған сойыс салмағындағы 1 кг құс етіне субсидиялардың нормативтері Ережеге 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

2. Бройлерлік құс шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруға берілетін субсидияларды пайдалану тәртібі

5. Облыс әкімінің шешімімен құрамында ауыл шаруашылығы департаментінің, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі аумақтық басқармасының және облыстық статистика басқармасының мамандары бар комиссия (бұдан әрі - облыс комиссиясы) құрылады, оның құзыретіне бройлерлік құс фабрикаларының құс етін өндіруге, сатуға және субсидиялар алуға өтінімдерін қарау, субсидия алушыларды, олар өз өндіруіндегі сатылған құс еті үшін субсидиялар көлемін белгілеу, сондай-ақ субсидиялар алуға арналып ұсынылған барлық құжаттардың дұрыстығын тексеру кіреді.

6. Облыстың бройлерлік құс фабрикалары сойыс салмағындағы құс етін өндіруге, сатуға және субсидиялар алуға өтінімдерді, сондай-ақ өздерінің өндірістік қуаттары, материалдық-техникалық және азықтық базасы туралы деректерді облыс комиссиясына ұсынады.

7. Облыс комиссиясы бройлерлік құс фабрикаларының іс жүзіндегі өндірістік қуатына, материалдық-техникалық және азықтық базасына қарай бройлерлік құс фабрикаларының субсидия алуға арналған өтінімдерін қарайды және қарау қорытындылары бойынша облыстың ауыл шаруашылығы департаментіне (басқармасына) (бұдан әрі - департамент (басқарма) бройлерлік құс фабрикаларының тізімін және сатылған өз өндіруіндегі құс еті үшін субсидиялар көлемін ұсынады.

бройлерлік құс фабрикаларының тізімін;

бройлерлік құс фабрикаларының сатылған өз өндіруіндегі құс еті үшін субсидиялар көлемін бекітеді.

9. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген субсидияларды алу үшін тізімге енгізілген бройлерлік құс фабрикалары өздері өндірген құс етінің сатылуына қарай кәсіпорынның орналасқан жері бойынша облыстық (аудандық, қалалық) статистика басқармасы куәландырған өз өндіруіндегі сатылған құс етінің көлемі туралы анықтаманы, сондай-ақ құс етінің сатылу фактісін растайтын құжаттарды облыс комиссиясына ұсынады. Облыс комиссиясы бройлерлік құс фабрикалары ұсынған құжаттардың дұрыстығын тексереді және оларды департаментке (басқармаға) ұсынады.

10. Департамент (басқарма) өз құзыретінің шегінде облыс комиссиясы ұсынған құжаттардың негізінде, жоғарыда көрсетілген кіші бағдарламаны іске асыру жөніндегі бұйрықтарды шығарады, құрама азықтардың іс жүзіндегі шығысы, өз өндіруіндегі сатылған құс етінің көлемі туралы жиынтық актіні бекітеді. Құрама азықтардың іс жүзіндегі шығысы, өз өндіруіндегі сатылған құс етінің көлемі туралы бекітілген жиынтық актілер бойынша департамент (басқарма) тиесілі бюджет қаражатының көлемін белгілейді және өз өндіруіндегі сатылған құс етінің көлемі мен облыс бойынша субсидияның пайдаланылуы туралы біріктірілген жиынтық ведомосты жасайды. Ай сайын 10-күнге, бірақ 2006 жылғы 10 желтоқсанның кешіктірмей департамент (басқарма) Ауыл шаруашылығы министрлігіне сатылған өз өндіруіндегі құс етінің көлемі және облыс бойынша субсидияның пайдаланылуы туралы біріктірілген жиынтық ведомостардың көшірмелерін, бюджеттік бағдарламаның іске асырылуы туралы есепті ұсынады, сондай-ақ субсидиялар төлеуге ұсынылған құжаттардың дұрыстығы үшін жауапты болады.

11. Департамент Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына мынадай құжаттарды:

Ережеге 2-қосымшаға сәйкес сатылған өз өндіруіндегі құс етінің көлемі және облыс бойынша субсидиялардың пайдаланылуы туралы біріктірілген жиынтық ведомосты; төлем шотын ұсынады.

Мал шаруашылығының өнімділігі
мен өнімінің сапасын арттыруды
субсидиялауға берілген 2006 жылға
арналған қаражатты пайдалану

ережесіне 1-қосымша

1. Етті бағыттағы құсты азықтандыруда пайдаланылатын
құрама азықтың 1 кг-ның құнын арзандату нормативі

Өнімнің атауы	Құрама азықтың 1 кг-ын арзандату нормативі, теңге (құнының 45%-ына дейін)

Құрама азық	18
-------------	----

2. Құс етінің 1 кг-ын өндіруге жұмсалатын құрама азық шығысының нормативі

Өнімнің атауы	Құс етінің 1 кг өндіруге жұмсалатын құрама азық шығысының нормативі, кг
Құстың еті	2,61

3. Өз өндіруіндегі сатылған құс етінің сойыс салмағындағы 1 1 кг-на субсидиялар нормативі

Өнімнің атауы	Өз өндіруіндегі сатылған құс етінің сойыс салмағындағы 1 кг-на субсидиялар нормативі, теңге
Құстың еті	47

Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілген 2006 жылға арналған қаражатты пайдалану

ережесіне 2-қосымша

Б е к і т е м і н

_____ о б л ы с ы

Ауыл шаруашылығы департаментінің басшысы
 _____(Т.А.Ә., қолы, мөр)

2006 жылғы " _____ " _____

_____ облысы бойынша 2006 жылғы _____ айы
 өз өндіруіндегі сатылған құс етінің көлемі және
 субсидиялардың пайдаланылуы туралы

біріктірілген жиынтық ведомость

Құс фабрикасының атауы	жылдық квота	Өз өндіруіндегі сатылған құс етінің сойыс салмағындағы 1-кг-ы үшін субсидиялар нормативі, теңге	Өз өндіруіндегі құс етінің сойыс салмағында іс жүзінде сатылғаны, тонна	Субсидиялардың жыл басынан бергі тиесілі сомасы, теңге	Жыл басынан бері төленгені, теңге	Субсидиялардың тиесілі сомасының қалдығы, теңге	Төленуге жататыны, теңге

	тон- на	тең- ге		Ж ы л б а - сына	Е с е п б е р у а й - ында				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Мал шаруашылығы бөлімінің бастығы _____(Т.А.Ә, қолы)

Бас бухгалтер _____(Т.А.Ә, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК